



2025 жылдың 01 тамызға


Қазақстан Республикасының
банк секторындағы Жұмыс
істемейтін несиелер жағдайына шолу.



ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. САТУ.

2025 жылдың 1 тамызға елдің 22 екінші деңгейлі банктерінің несие портфель көлемі **39840,1 млрд теңгені** (жиынтық активтердің 61%) құрады. Оның ішінде жұмыс істемейтін несие (NPL) көлемі **1 384 млрд теңге**, немесе жалпы несие портфелінің **3,5%** құрады (2025 жылғы 1 шілдеге – 39 093 млрд теңге немесе 60%).

ҚР банк секторының жұмыс істемейтін несие деңгейінің динамикасы




Қарыз алушылар санаты бойынша жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **Жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерді қоспағанда** – 1 033 млрд теңге немесе 75% (01.07.2025 ж. – 976,1 млрд теңге) келеді.


Қаржылық емес заңды тұлғаларға – 350,8 млрд теңге немесе 25% (01.07.2025 ж. – 343 млрд теңге).

Жұмыс істемейтін несиелердің ең аз көлемі **қаржылық заңды тұлғаларға**, банкаралық қарыздар және «Кері РЕПО» операцияларын қоспағанда – 0,3 млрд теңге (01.07.2025 ж. – 0,3 млрд теңге) келеді.

01.07.2025 ж.
NPL құрылымы



01.08.2025 ж.
NPL құрылымы



■ Қаржылық емес заңды тұлғаларға несиелер

■ Жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерді қоспағанда несиелер

Екінші деңгейлі банктер бөлінісінде жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **«KASPI BANK» АҚ** келеді – 365,6 млрд теңге немесе несие портфелінің 5,3%.

Әрі қарай неғұрлым ірі NPL көлемі келесі банктерге келеді:

- **«Қазақстан Халық Банкі» АҚ** – 331,9 млрд теңге (несие портфелінің 2,7%);
- **«Еуразиялық банк» АҚ** – 137,9 млрд теңге (несие портфелінің 8,2%);
- **«Alatau City Bank» АҚ** – 121,1 млрд теңге (несие портфелінің 8,8%);
- **«ForteBank» АҚ** – 90,6 млрд теңге (несие портфелінің 3,1%).


Жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі бойынша 5 банк



Сонымен бірге несие портфеліндегі жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келеді **«БиЭнКей» коммерциялық банкі» АҚ – 27,4%.**

Әрі қарай несие портфелінде жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келесі банктерге келеді: **«Банк ВТБ» ЕБ АҚ (9,9%); «Alatau City Bank» АҚ (8,8%); «Еуразиялық банк» АҚ (8,2%) және «Нұрбанк» АҚ (6,5%).**

Жұмыс істемейтін несиелердің ең жоғары үлесі бойынша 5 банк



Деректер көзі: nationalbank.kz
 материалды «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ
 Корпоративтік даму департаменті дайындады